

Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 155 өкімі.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламенті (бұдан әрі - Регламент) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік органдар:

1) өз жұмысын Регламентке сәйкес ұйымдастырсын;

2) кеңестер өткізу кезінде мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қатысуын қысқартсын және мемлекеттік органдардың әдетте кеңестерде қаралатын мәселелер құзыретіне жататын өзге де басшы лауазымды адамдарының қатысуын қамтамасыз етсін;

3) мыналардың:

Қазақстан Республикасы Құрылтайының отырыстарына – егер Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламентінде өзгеше көзделмесе, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының;

Қазақстан Республикасының Құрылтайы комитеттерінің отырыстарына – мемлекеттік органдардың бірінші басшылары орынбасарларының, қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдардың қаралатын мәселелер құзыретіне жататын өзге де басшы лауазымды адамдарының;

Қазақстан Республикасы Құрылтайының жұмыс топтарына – орталық мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жергілікті атқарушы органдардың басқармалары басшыларының, қажет болған жағдайда, мемлекеттік органдардың қаралатын мәселелер құзыретіне жататын өзге де басшы лауазымды адамдарының қатысуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

3. "Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмысының регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 тамыздағы №184 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы

**Қазақстан Республикасының Президенті, оның Әкімшілігі және Қазақстан
Республикасының Үкіметі жұмысының РЕГЛАМЕНТІ**

Ескерту. Регламентке өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Апта	Бірінші	Екінші	Үшінші	Төртінші
Апта күндері				
1	2	3	4	5
дүйсенбі	- Қазақстан Республикасының Президентіне (бұдан әрі - Президент) тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының оған есеп беруі; - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі - Премьер - Министр) өткізетін селекторлық кеңес; - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде (бұдан әрі - Президент Әкімшілігі), Қазақстан Республикасының Үкіметінде (бұдан әрі - Үкімет), орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда өтетін жедел кеңестер*	- Премьер-Министр өткізетін селекторлық кеңес; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда өтетін жедел кеңестер*	- Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының оған есеп беруі; - Премьер-Министр өткізетін селекторлық кеңес; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда өтетін жедел кеңестер*	- Премьер-Министр өткізетін селекторлық кеңес; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда өтетін жедел кеңестер*
		- Президенттің Қазақстан Республикасы Құрылтайының	- Президенттің Қазақстан Республикасы Парламенті (бұдан	

сейсенбі	- Үкімет отырысы	бұдан әрі – Құрылтай) Төрағасы мен депутаттарын қабылдауы; - Үкімет отырысы	әрі - Парламент) Палаталарының спикерлері мен депутаттарын қабылдауы; - Үкімет отырысы	- Үкімет отырысы
сәрсенбі	- Президенттің Үкімет мүшелерін қабылдауы; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік органдарда жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс	- Президент өткізетін кеңес оның қалауы бойынша); - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік органдарда жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс	- Президенттің Үкімет мүшелерін қабылдауы; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік органдарда жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс	- Президент жанында жұмыс істейтін кеңестер м е н комиссиялардың отырыстары () бекітілген жоспарларға сәйкес) ; - Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, орталық мемлекеттік органдарда жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс
бейсенбі	- Президенттің өңірлерге жұмыс сапарлары; - Президент Әкімшілігінде және Үкіметте орталық мемлекеттік органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс; -Үкімет жанындағы консультативтік- кеңесші органдардың отырыстары	- Президент Әкімшілігінде және Үкіметте орталық мемлекеттік органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс; - Үкімет жанындағы консультативтік- кеңесші органдардың отырыстары	- Президенттің өңірлерге жұмыс сапарлары; - Президент Әкімшілігінде және Үкіметте орталық мемлекеттік органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс; -Үкімет жанындағы консультативтік- кеңесші органдардың отырыстары	- Президент Әкімшілігінде және Үкіметте орталық мемлекеттік органдардың басшыларымен жүргізілетін жұмыс; -Үкімет жанындағы консультативтік- кеңесші органдардың отырыстары
жұма	- Президенттің өңірлердің әкімдерімен телефон арқылы келіссөздері; - министрліктер мен ведомстволарда өтетін кеңестер	- Премьер- Министрдің Президентке баяндама жасауы; - министрліктер мен ведомстволарда өтетін кеңестер	- министрліктер мен ведомстволарда өтетін кеңестер	- Премьер-Министрдің Президентке баяндама жасауы; - министрліктер мен ведомстволарда өтетін кеңестер

Ескертпе:

- 1) Құрылтайдың отырыстары оның жұмыс регламентіне сәйкес өтеді;
- 2) Президент Әкімшілігіндегі және Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратындағы бақылау мәселелері жөніндегі кеңестер, республикалық кеңестер,

семинарлар, кадрларды оқыту қажет болған жағдайда кез келген күні осы Регламентті ескере отырып өткізіледі;

3) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстары мен жедел кеңестері Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының шешімі бойынша кез келген күні және тәуліктің кез келген уақытында өткізілуі мүмкін.

* жедел кеңестер қажет болған жағдайда кез келген күні өткізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК